

ДІНИ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ РӨЛІ: ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ*

¹Алтайқызы Айкерім, ²Тасболат Асылтай Ғалымұлы

¹aikerim.altaiyzy@gmail.com, ²tasbolat.usul@gmail.com

¹ ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты

² Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

(Алматы, Қазақстан)

¹Altaikyzy Aikerim, ²Tasbolat Asyltai

¹aikerim.altaiyzy@gmail.com, ²tasbolat.usul@gmail.com

¹Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MES RK

²Al-Farabi Kazakh National University

(Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа. Ғылыми-зерттеу жұмысының авторлары діни және зайырлы құндылықтарды қалыптастырудағы мемлекеттік саясаттың рөліне кешенді талдау жасайды. Қазақстанның Түркияның діни-конфессиялық саясатынан алар үлгісін әртүрлі дәлелдер арқылы айқындайды. Мақалада Қазақстан мен Түркиядағы діни азшылық топтар мәселесі қарастырылды. Сонымен қатар түрік мемлекеті мен билігінің қоғамдық ұйымдармен әріптестігін жүзеге асыру жолдары талданып, жағымды нәтиже көрсеткен шешімдерді қазақстандық тәжірибеде қолдануға ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер: діни құндылықтар, зайырлы құндылықтар, Қазақстан, Түркия, діни-конфессиялық саясат, ислам.

Kіpіcne

Қазақстандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылым өкілдері үшін діни және зайырлы құндылықтарды қалыптастыруда түркиялық тәжірибені зерттеу әрқашан зор қызығушылық тудырады. Себебі, біріншіден, Қазақстан мен Түркия – тарихи тұрғыдан ділі, тілі мен мәдениеті ұқсас бауырлас елдер. Сунни исламның ханафилік бағыты – түріктер мен қазақтар үшін дәстүрлі дүниетаным. Екіншіден, тәуелсіздік жылдары әртүрлі салаларда қарым-қатынастар мен ынтымақтастықтың негізі қаланды, Түркия – Қазақстанның стратегиялық әріптестерінің бірі. Екі ел түркітілдес елдердің достығы мен одақтастығын нығайтуда маңызды орталықтар болып табылады. Үшіншіден, Түркия үкіметінің зайырлы мемлекет пен азаматтық қоғамды қалыптастыруда бірғасырлық тарихы

* Бұл зерттеу ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыруымен (OR11465461 «Қазақстанның тұрақты даму стратегиясы контекстінде қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын зерттеу») атты ғылыми бағдарлама аясында әзірленді.

бар, сонымен қатар бұл бағыттарда бірқатар жетістіктерге жеткен. Ал Қазақстан – мұндай мүмкіндікке тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қол жеткізген ел.

Аталмыш себептерге байланысты ғылыми мақаланың мақсаты – Түркияның діни және зайырлы құндылықтарды қалыптастырудағы мемлекеттік саясатын зерттеп, оның артықшылықтарын анықтау.

Зерттеу әдіснамасы

Ғылыми мақала Қазақстан мен Түркияның тәжірибесін талдауға арналғандықтан зерттеудің негізгі әдістемесін компаративистика құрады. Авторлар діни-конфессиялық мәселелерді реттеудің ерекшеліктерін түсіндіруде саяси-салыстырмалы және құқықтық-салыстырмалы әдістерді қолданады. Сонымен қатар түрік үлгісінің артықшылықтарын айқындап, қазақстандық шынайлықта жүзеге асырудың тиімділігін болжауда логикалық және рационализм тәсілдері пайдаланылды.

Зайырлы және діни құндылықтардың мәні

Зайырлы құндылықтар – сөз, діни сенім мен таңдау құқығы мен бостандығын қамтитын құндылықтар. Зайырлы құндылықтар секуляризм қағидаларымен тікелей байланысты. Зайырлы құндылықтар дәстүрлі құндылықтардан бастау алады: бостандық, адамның қадір-қасиеті, адам құқығы және басқа да көптеген құқықтық мүмкіндіктер. Либералды құндылықтар дәстүрлі құндылықтарды түрлендіруге тырысады, жиі олардың бастапқы идеялары мен мазмұнын толығымен өзгертеді. Зайырлы құндылықтар қоғам мен адамның, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара әрекеттесу қағидаларының басына рационализмді, даралық еркіндігін, ой еркіндігін, діни құндылықтардан ішінара немесе толықтай бас тарту құқығын қояды, олар дәстүрлі ережелермен және адамгершілікпен байланысты.

Зайырлы құндылықтар белсенді, тез таралады және көптеген топтардың мүдделеріне сәйкес келетіндіктен қоғам тарапынан кең қолдау табады. Зайырлы құндылықтар жеке құқықты, адамның абсолютті таңдау еркіндігін қорғайды, бұл қағидалар әрдайым сенушілердің көңілінен шыға бермейді.

Діни құндылықтар дегеніміз тылсым күшке деген сенім мен онымен тікелей тілдесу мүмкіндіктерімен шартталған құндылықтар. Олар адам өмірінің жоғарғы мәнін жүзеге асыруға бағытталған, яғни оның биологиялық тіршілігінен кеңірек мағынасы бар.

Діни құндылықтар жүйесі иерархиялық болып келеді: олардың ішінде ең құндысы – Құдай, адам – Құдайдың сүйікті жаратылысы. Құдайдың өсиеттерін орындай отырып, адам оған жақындайды, белгілі бір деңгейде оған ұқсай түседі. Құдай адамға осы жолда көмектеседі – рухани даму жолдарын ұсынады. Діннің құндылықтары орнықты, тұрақты және абсолютті.

Қазіргі қазақстандық қоғамда діннің гуманистік мәні – танымал дискурстардың бірі, сонымен қатар зайырлы және діни құндылықтардың диалогы – маңызды мәселе. Бұл диалог конструктивті және мазмұнды болу үшін дін туралы және оның басқа құндылықтармен қарым-қатынасы туралы толық

түсінік қалыптасуы қажет. Осы сұрақтарды отандық ғылымда Н.Л. Сейтахметова, А.Г. Косиченко, Е.Е. Булова, Г.Г. Соловьева сияқты ғалымдар қарастырған.

Мәселен, Е.Е.Булова, З.К.Шаукенова, А.К.Назарбетова бірлесіп жазған «Қазақстандықтардың қабылдауындағы зайырлы және діни құндылықтар» атты ғылыми зерттеуінде «зайырлылық пен дүниетанымдық плюрализм парадигмасын қалыптастыру ахуалында зайырлы және діни мазмұнның өзара әсері контекстінде қазақстандықтардың ділі қарастырылған. Бұл мәселе құндылықтарды қабылдаудың қолданбалы әлеуметтік зерттеулерінің нәтижелері негізінде зерттелді» [1, 38 б.].

Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі қазақстандық қоғамда дінге деген төзімділіктің деңгейі жоғары екенін көрсетіп отыр. Бірінші кезекте, дінді әлемдік тарих пен мәдениеттің бөлігі ретінде қабылдайды, одан кейін ғана дәстүрге адалдық пен өнегелік реттеуші күш ретінде қарастырады. Басым көпшілік өзінің бірегейлігін діндарлықпен байланыстырады, атеизм сирек кездеседі. Алайда, дін негізгі басымдық болып табылмайды, оның ішінде рухани және өнегелік бағдарда да. Зайырлы және діни құндылықтардың қайсысы басымырақ екенін анықтау немесе нақты шекарасын, олардың байланысын белгілеу мүмкін болмады. Діндарлар мен діндар емес адамдардың көпшілігінің дүниетанымы мен әлеуметтік мінез-құлқының үлгісі мемлекеттің зайырлы табиғатына қарама-қайшы емес, жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың басымдығына негізделеді.

А.Г. Косиченко «Зайырлылық пен діндарлықтың құндылықтық және дүниетанымдық негіздері» [2, 16 б.] атты ғылыми жұмысында келесі пікірді білдіреді: Қазақстандықтар көбінесе бейсаналық түрде екі құндылық жүйесінің аясында өмір сүреді: діни және зайырлы. Бұл үйлесімділік қазақстандықтардың санасы екі топқа бөлінетіндігін білдірмейді, яғни екі құндылықтар жүйесінің бөлек қалыптасуын білдірмейді. Қазақстандықтар екі жүйені бірдей мойындайды: атеисттер Құдайға сену құқығын, ал діндарлар мемлекеттің зайырлы қағидаларын және сенбейтін адамдардың құқығын құрметтейді. Бұл ахуал қоғамдағы діни төзімділік пен зайырлы мемлекеттің тұрақтылығы үшін жақсы негіз болып табылады. Осы құндылықтар жүйелерінің арасындағы байланысты түсіну үшін олардың мәні қандай екенін нақтылау қажет.

Дінтанушы ғалым құндылықтарды қысқаша былай түсіндіреді: құндылықтарды қоғам анықтайды, олар адамдарға өмір сүруге көмектеседі. Өмірді ұйымдастырады және оған мән береді. Олар дүниетанымдық бағдарлар болып табылады. Құндылықтар бәріне бірдей бола бермейді, адамның жеке басына тиесілі. Бір уақытта адамдардың әртүрлі топтарында әртүрлі құндылықтар болады, бірақ топтық құндылықтар да болуы мүмкін. Бір адамның құндылықтар жүйесі уақыт өте келе өзгеріп отыруы мүмкін, яғни олар – ауыспалы. Бірақ, адам бойындағы құндылықтар жүйесінің өзгеруі оңай үдеріс емес, дүниетанымдық күйзелістен туындауы ықтимал, адам бұрынғы көзқарасын сындырып жаңаны қабылдайды. Адам құндылықтарды қалыптастыруға қабілетті, оларды барлардан құрастырады немесе жаңаларын қиялдау арқылы қалыптастырады. Адам құндылықтарды саналы түрде қабылдайды, оларға көндіру немесе күшпен сендіру оңай емес, себебі құндылықтар тек жалған стереотиптер ғана емес. Алайда қазіргі заманғы саяси технологиялар бұқара халыққа қажетті құндылықтарды сіңіре алады.

Қазақстанның Түркияның діни-конфессиялық саясатынан алар үлгісі

2020 жылдың 31 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 953 қаулысымен «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспары» [2] бекітілді. Бұл құжатта «Қазақстан жаһандық өркениетаралық, дінаралық және конфессияаралық диалогтың ірі әрі беделді акторларының бірі» деп сипатталған. Қазақстан көпконфессиялы мемлекет, оның саяси құрылымы «бейбітшілік пен келісімге, мәдениеттер мен діндердің бірегей диалогына» негізделген. Бұны «әлемдік қауымдастық, БҰҰ, ЕҚЫҰ, Өркениеттер альянсы, ИБҰ, БИЛ, ЮНЕСКО сияқты жетекші халықаралық өзара іс-қимыл құрылымдары/институттары мен әлемдік және дәстүрлі діндердің беделді көшбасшылары мойындағаны белгілі».

Жоспарда Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі жеті қағидаты айқындалған: «барлық мемлекеттік органдар мен азаматтардың ар-ождан мен діни сенім бостандығын қорғауға кепілдік беретін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұлжытпай сақтауы; Қазақстанды зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде орнықтыратын қағидаттарды іске асыру, олардың барлық құқықтары мен функцияларын сеніммен жүзеге асыруы үшін тең және қолайлы жағдайлар жасау; дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға азаматтық қоғам институттарының – үкіметтік емес ұйымдардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді қатысуы; діндердің тату және сыйластықпен қатар өмір сүруі, экстремизмнің таралуына қарсы тұруы».

Аталмыш құжатты құрастыру барысында халықаралық тәжірибе қарастырылды, сонымен қатар Қазақстандағы діни ахуалдың ағымдағы жағдайы талданды. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттерінің негізіне «мемлекеттік құрылыстың зайырлылық сипатын ілгерілету; азаматтардың діни сенім бостандығын және діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынасын жасауда құқықтарын сақтау; елдегі конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты нығайта түсу; діни салада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету».

2023 жылы жоспарда көрсетілген барлық мәселелер мен іс-шаралардың нәтижелігі келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады: «Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты қолдау деңгейі кемінде 90,7 %; халықтың ел дамуының зайырлы қағидаттарын қолдау деңгейі 64 %-дан кем емес; сонымен қатар деструктивті діни көзқарасты ұстанатын азаматтар қатарынан ақталған адамдардың үлесі 14,1 %-дан кем емес болуы тиіс».

Қазақстанның діни-конфессиялық саясаты Конституцияда көрсетілген ар-ұждан мен діни сенім бостандығын негізге алады. Қоғамда қалыптасқан жағдайларға және мұсылман жұртшылығының қажеттіктерін өтеу мен діни экстремизмнің алдын алу мақсатында «Дін және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Біздегі зайырлылықтың формасы Түркия республикасының ХХ ғасыр мен Әділет және даму партиясы билікке келгеннен кейінгі бетпе-бет келген шарттардан өзгеше екенін есепке алу керек.

Кез келген елдің тәжірибесі егер өз отанындағы шарттарды, азаматтардың құқығы мен мемлекеттік дәстүрді есепке алмайтын болса қауіпті болмақ. Діннен біржақты қауіп көріп, кез келген діни құбылысты Кеңес үкіметі кезіндегідей иррационализм ретінде бағалау, діни жамағатты реакцияшыл топ ретінде бағалау – постсоциалистік елдердің рухани дамуына кедергі келтіретін фактор. Мұның орнына адамның рухани қажеттіліктерін өтеп, діни сенімді дәстүрлі құндылықтар аясында тұтынуға мүмкіндік жасау, қоғамды мәдени де, діни де тұрғыдан байытатын фактор болмақ.

Белгілі дінтанушы, зайырлылық түрлі формалары мен Қазақстандағы зайырлылық қағидатының жалпы сипаты жайында ғылыми тұжырымдарымен танылып жүрген PhD доктор Мұхан Исахан былай дейді: мемлекеттің қоғамдағы діннің ықпалын күшпен төмендетуі зайырлылықтың эквипотенциялық қалыпына жатады. ҚХР, Солтүстік Корея, Өзбекстан, Тәжікстан және т.б. елдердің тәжірибесінде дін қатынастарын реттеуде мемлекеттің әміршілдік функциясы пайдаланылды. Бұл эквипотенциялық қалыпта мемлекет басым үстемдікке ие болғанымен, есесіне азаматтардың діни-сенім мен ар-ұждан бостандығы және өзге де демократиялық құндылықтар аяқ асты болуы мүмкін. Бірақ, қазіргі Қазақстанның дін қатынастарын реттеудегі бет-алысы әміршіл-әкімшіл жүйеге бағытталаып отыр дей алмаймыз. Себебі, діни сенімге еркіндік бере отырып, халықтың басым көпшілігі ұстанатын дінді тарихи-мәдени құндылық ретінде бағалап, құзырлы органдардың елдегі ірі діни бірлестіктермен меморандум жасауы және дін қатынастарындағы кейбір нәзік мәселелерді мемлекеттің бақылауда ұстауы зайырлылықтың идентификациялық қалыпының белгісіне жатады.

Бізбен көрші Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының проваславияны рухани, тарихи мұра ретінде бағалап, оған мемлекеттік қолдау көрсетуі, олардың осы идентификациялық қалыптың аясында жұмыс жасап жатқанын көрсетеді. Ал, Қазақстанның қазіргі бет-алысына келер болсақ, біздің елімізде жоғарыда айтылған преференциялық және осы идентификациялық қалыптардың қағидаларын ұштастырып, дін қатынастарын реттеуді одан әрі қарай ілгерлетпек [3].

Түркияда Дін істері басқармасы ислам дінінің тарихи маңызы мен азаматтардың 99 пайызына жуығы мұсылман, оның ішінде басым көпшілігі сунни Исламның Ханафи бағытын ұстанатынын ескеріп, діни білім беру мен дінді насихаттау ісінде Ханафилікке басымдық береді. Қазақстан да осы үлгіні 2010 жылдан бері қарай сатылай іске асыруда. Құқықтық тұрғыдан алғанда бұл қадамдар, Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында «дін саласындағы мемлекет саясатының мақсаттарына сәйкес келетін діни бірлестіктердің қоғамдық бастамаларына жан-жақты қолдау көрсету; дінге сенушілердің белгілі бір бөлігінің көзқарастарының радикалдану деңгейін азайту, радикалды діни ағымдардың идеяларына қарсы іс-қимыл, теологиялық тұрғыдан олардың идеологияларының беделін түсіру мақсатында діни бірлестіктермен көптеген мәселелер бойынша белсенді түрде өзара іс-қимыл жасау» (2.2.2. 9) және осыған ұқсас т.б. да құқықтық нормалар қарастырылған [4].

Халықтың басым көпшілігі ұстанатын діннің тарихи-рухани құндылық ретінде бағалануы 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң арқылы құқықтық тұрғыдан негізделді, мұны Правос-

лав христиандығы мен Ханафилік Исламның тарихи рөлін мойындау арқылы шегендедік. Мысалы, еліміздегі жоғары білікті исламтанушыларды дайындайтын «Нұр-Мүбарак» университетінің мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуы және имамдарды жалақымен қамтамасыз ететін «Уақып» қорының құрылуы, сондай-ақ, Құрбан айт пен Рождество мерекелерінің демалыс күндері болып бекітілуі және т.б. да мемлекет қамқорлығымен жасалынып жатқан іс-шаралар, ал діни радикализмге қарсы күреске имамдар мен ислам теологтарды тарту ісі, мешіттердегі жамағатпен орындалатын діни рәсімдерде ханафи мазһабының ережелері бұзылса, заң жүзінде айыппұлдың салынуы сынды қадамдар, осының нәтижесінде іске асуда.

Елімізде 2018 жылы құрылған «Уақып» қоры жалпы мұсылман мәдениетімен байланысты дәстүрлі дүние болып саналады. Падишахтар мен ел билеушілері уақф (қорлар) құрып, әртүрлі діни орындарды, медреселерді, киелі орындарды, оларды қаржыландыруды іске асыратын. Мысалы, Түркістандағы Өзірет Сұлтан мавзолейі де тарихта Әмір Темір құрған уақф тарапынан салынып, ғасырлар бойы қаржыландырылып келген. Бұл тәжірибені Түркия Республикасы жалғастыруда. Дін істері басқармасына қарасты Дианет Вақфы (Diyanet Vakfi) ислам дінін насихаттау, баспа ісін дамыту, діни факультеттерде студенттердің білім алуын қаржыландыру секілді қызметтерді іске асырады.

Біздегі Уақып қоры да осы тақілеттес жобаларды қолға алуда, соның ішінде имамдарға жалақы төлеу мәселесін де мақсат етуде: «Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әртүрлі әлеуметтік жобаларды қолдауға арналған «УАҚЫП» корпоративтік қайырымдылық қоры құрылды. «УАҚЫП» қайырымдылық қоры коммерциялық емес ұйым, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің қатысуымен құрылды. Қордың негізгі миссиясы – жеке және заңды тұлғалар тарапынан бөлінген қаржы есебінен қайырымдылық жасап, әлеуметтік жобаларды қолдау болып табылады. Егер қордың мақсаттарымызды кеңірек қарастыратын болсақ, келесідей: әлеуметтік жағынан аз қорғалған азаматтарға материалдық көмек көрсету, оларды қолдап, қорғау, халықтың діни сауатын арттыруға көмектесу, радикализм мен діни экстремизмнің алдын алу, діни мекемелерге және оның қызметкерлеріне қолдау көрсету [5].

Түркия республикасында Дін істері басқармасы мемлекеттік мекеме ретінде қарастырылса, бізде Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы қоғамдық ұйым мәртебесінде тұр. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі діни білім беруді үйлестіру ісін қолға ала алмайды. Әйткенмен, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы құрылтайшысы болып саналатын Нұр-Мүбарак Ислам мәдениеті университеті ҚР Білім және ғылым министрлігінің лицензиясымен жұмыс істейді.

2011 жылы түзетулер мен толықтырулар енгізілген «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң» аясында мәртебесі, мемлекеттік органдармен байланысы және өзара меморандумдарға қол қоя отырып, қоғамдық қызметін үйлестіруге қол ҚМДБ, Түркиядағы Дін істері басқармасы секілді болмаса да, азаматтарының 70 пайыздан астамы мұсылман саналатын Қазақстанда ең әлеуетті діни ұйымға айналуға. Ал «Уақып» қоры қызметін жандандырғалы, ҚМБД-ның имамдарға жалақы тағайындау ісі біртіндеп іске асуда. Бұл да

Қазақстанның идентификациялық зайырлылық формасына өте бастағанын, Түркияның тәжірибесін ішінара қолдана бастағанын көрсетсе керек.

Түркияның имамдарға жалақы өтеуден бөлек, имамдарды, діни мамандарды даярлау ісі тәжірибе алмасуды қажет ететін мәселе. Жоғары оқу орындарындағы Теология факультеттерінен бөлек, Дін істері басқармасына қарасты «Хасеки» академиясы дін мамандарын даярлауда тәжірибеге бай десек болады. Қазақстаннан көптеген ілім ізденушілер осы академияда білім алуда. Нұр-мүбәрак университетінің әлеуеті мен болашақ имамдарды дайындау, біліктігін арттыру ісінде Түркияның тәжірибесін пайдаланғаны жөн деп ойлаймыз.

Қазақстан мен Түркиядағы діни азшылық топтар

Түркияда діни азшылықтар ретінде Лозан бітім шартына сәйкес Грек-православ шіркеуін, Армян шіркеуі мен Яһудилерді таныған болса, бізде Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы заңымызда христиандықтағы православ конфессиясының, Ханафилік исламмен қатар тарихи рөлін еліміздегі славян текті этностардың үлес салмағына байланысты мойындадық. Ал діни бірлестіктерді тіркеу барысында жергілікті, өңірлік, республикалық мәртебелерге бөлініп, қайта тіркеу барысында ҚМДБ мен «Орыс православ шіркеуі» ғана ел аумағында толық діни қызмет ете алатын жоғары статусқа ие болды. Бұл да Түркияда бұрыннан бар азшылықтардың құқығын мойындағаны секілді православ шіркеуінің тарихи рөлін мойындауды білдіреді. Себебі, неопротестанттық секталармен салыстырғанда, православ шіркеуі тарихи санаға, мемлекеттік мүддеге қайшы жұмыстар істемейді.

Түркиядағы діни-конфессиялық саясаттың құқықтық негізі Конституциямен, ал діни азшылықтарға қатысты саясат Лозан бітім шартымен реттелетін болса, құрылымдық тұрғыдан мемлекеттік мекеме саналатын Дін істері басқармасы арқылы, сол басқармаға қатысты Дін істері қоры арқылы жүргізілетіні белгілі болды. Осы қордың әлеуетін бізде ҚМДБ арқылы, мемлекеттік қолдаумен жүзеге асыруға болады, сонда идентификациялық зайырлылық қағидатына сай тарихи санаға қайшы келмейтін, ұлттық һәм рухани сабақтастықты қорғауға септесетін діни-конфессиялық саясатты жүргізе аламыз деп ойлаймын. Ол үшін Түркиядағы Дін істері қорының тәжірибесіне, құрылымдық негізіне және қызмет көрсету бағыттарына талдау жасаған дұрыс. Себебі, сол кезде дін істерін дамытудың қаншалықты сан-салалы екеніне көз жеткіземіз. Ал бұл күннен-күнге діни-рухани сала дамып бара жатқан, азаматтардың діни қажеттіліктері артып бара жатқан постсоветтік ел ретінде Қазақстанның рухани даму бағытын айқындайтын тәжірибе болмақ.

Мемлекеттің қоғамдық ұйымдармен әріптестігі

Мемлекеттің қоғамдық ұйымдармен әріптестігі деген бағыт негізінде діни саланы да рационалдық һәм ұлттық мәдениетті дамыту бағытына орай жетілдіруге болады. Ол үшін Түркия дін істері қорының тәжірибесін ҚМДБ құрылымы арқылы дамытуды қолға алған жөн. Оларда Дін істері басқармасы мемлекеттік мекеме болғандықтан, Дін істері қоры соның атынан жұмыс істейді,

ал бізде Қоғамдық даму министрлігі Ислам дінінің бақылау немесе жаю функциясын өзіне алмайды, олай болса бұл функцияны ҚМДБ арқылы, Уақып қорымен бірлесе үйлесітіп жүзеге асыруға болады деп ойлаймыз. Мұнан зайырлылық қағидатына ешбір зиян келмейді, қайта дінді тарихи тәжірибеге орай, ұлттық мәдениетті дамытушы фактор ете аламыз. Енді Түркия дін істері қорының негізгі бағыттарын қарастырып көрелік, сол арқылы Қазақстанда аталмыш тәжірибені қалай дамытуға болатынын қарастыра аламыз:

1. Қажылық пен умра сапарын ұйымдастыру. 1973 жылы Түркия үкіметі шығарған қаулы бойынша қажылық пен умра сапарын ұйымдастыру Дін істері басқармасына тапсырылған еді, бірақ бұл істі Түркия дін істері қорымен бірге ұйымдастыру қажеттігі іске асырылды. Мұның артықшылығы қажылық сапары Ханафи мазһабы бойынша іске асырылады және басқа ағымдардың қажылық сапарын салафизмді немесе радикалды ұйымдарға мүшелер тартуға пайдалануына жол берілмейді. Бұл біздегі мұсылман жұртшылықтың діни санасы дәстүрлі дінін сабақтастығы аясында іске асуына, сол арқылы қоғамдағы діни конфронтацияның күшейіп кетуіне тосқауыл болуға мүмкіндік береді. Әуе жолдары бойынша сапарды ұйымдастыру, қажылық сапардағылардың мұқтаждықтарын ескеру, Мекке мен Мәдина қаласында қонақтайтын жерлерді ұйымдастыру ісі, туристік компаниялардың бағасын бақылау сынды істер сапарды сапалы түрде ұйымдастыруға жәрдемдеседі. Қор осы істерді ұйымдастыру арқылы кіріс те табады және азаматтарға діни қызмет көрсетудің басқа да мүмкіндіктеріне жол ашады.

2. Мәуліт ұйымдастыру. Мәуліт секілді діни мерекелерді жоғары деңгейде ұйымдастыру арқылы елдің дәстүрлі дін аясындағы мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосылады.

3. Діни әдебиеттерді басу мен жәрмеңкелер ұйымдастыру. Түркия Дін істері қорының Баспа және сауда бөлімі 1983 жылдан бастап әр жылы Рамазан айында Діни әдебиеттер жәрмеңкесін ұйымдастырып келеді. Бұл тәжірибе қолға алынатын болса, дін саласындағы әдебиеттердің дамуына, осы салада жазатын мамандардың мүмкіндіктерінің артуына, қоғамды радикалдық әдебиеттерден қорғауға және діндар қоғам мүшелерінің дұрыс контентпен қамтамасыз етілуіне жол ашылар еді. Діни таным, діни сауатпен және тарихи таныммен өрілмесе радикализмге ұрындырары шындық, ал мұндай жәрмеңкелер діни сауаттың артуына сөзсіз мүмкіндік берер еді, халықтың сауаты мен дәстүрлі діннен хабарының болуы діни экстремизмнің алдын-алу бағытында үкімет қабылдаған қаншама бағдарламалардың іске асуын, осы жолдағы тиімсіз жұмсалған қаражаттың үнемделуіне, ең бастысы осы саладағы кластерлік жүйенің, инфраструктураның дамуына қозғау болады.

5. Стипендия тағайындау. Діни білім алатын немесе тіпті кез келген білім алушы студенттерге стипендия тағайындау. Бұл жоба арқылы сауатты мамандардың даярлау ісін дамытуға болады, сонда кез келген көк аттыдан дін үйреніп, конституциялық құрылымымызды қиратуды көздейтін радикалдарға жол бермейтін боламыз. Әсіресе, магистратура мен докторантурада оқитын жастардың саны осы стипендиялар арқылы артатын болса, онда қоғамдағы талқы, діни-рухани даму өз нәтижесін беретін болады.

6. Студенттік жатақханалар тұрғызу. Исламның білімге қаншалықты қамқор дін екенін қоғамға позитив мағынада жеткізудің бір бағыты десек болады. Әртүрлі діни топтардың салған жатақханалары мен үйлерінде тұрып оқитын студенттер қазір көптеп саналады. Бұл үрдісті тек жамағаттардың үлесіне беріп қою, ҚМДБ-ның ықпалы мен діни жамағаттардың тек өз идеологиясын қоғамға кең тартуына алып келеді. Түркияда Дін істері қорының әр қалада студенттік жатақханалары бар. Жатақхана ауласында спорт алаңын соғу, түрлі қоғамдық активитилер ұйымдастыру, жатақханада мешіт пен діни дәрістерді ұйымдастыру – түрлі секталардың, радикалдық ұйымдардың ықпалын азайтуға септеседі.

7. Жетімдерге, жағдайы төмендерге, ауру жандарға көмек. Түркия Дін істері қоры зекет, пітір садақасы және басқа да кірістердің бір парасын жетімдерге, жағдайы төмендерге, ауру жандарға көмек ретінде ұсынады. Бізде де ҚМДБ осындай акциялармен көзге түседі. Әйтседе, осы істі ашықтық тұрғысынан іске асыру механизмін жетілдіру дәстүрлі дінге, ҚМДБ-ға деген қоғамның оң көзқарасын арттырар еді. Сонда түрлі жолдармен мемлекеттік қолдау көріп отырған құрылымның шынайылығына сену арқылы, мемлекетке деген де сенім артады, әрі елдегі мұсылмандардың бірлігі де нығая түседі.

8. Шет елдердегі қызметтер. Түркия Дін істері қоры арқылы Еуропа мен басқа елдердегі түрік мұсылмандарына және сол елдердің жергілікті халқына да қызмет атқаруда. Бұл елдегі кітаптарды сату, діни қызметтер ұсыну, мешіттер тұрғызу секілді түрлі бағыттағы жұмыстармен іске асуда. Түркия республикасының оң имиджімен қатар, бай рухани мұрасын әр елде танытуды да жүзеге асыратын осы секілді қызметтер Қазақстанда да қолға алынса, сталиндік репрессия мен аштық жылдарында атажұрттан сыртқа кеткен қандастарымызды өз тілі мен дініне орапып, тарихи Отанымен байланысын арттыруына мүмкіндік туар еді.

9. Ислам энциклопедиясы («İslâm Ansiklopedisi»). Түркия Дін істері қоры, Батыс ғалымдары шығарған «Encyclopédie de l’Islam» көптомдығының, әсіресе Исламның негіздері мен ілім салаларына қатысты әртүрлі тақырыптарда біржақты және шындыққа сай емес мәліметтерді келтіргені үшін, бір жағынан Исламның дін, мәдениет пен тарихын тұтастай қамтыған басқа бір зерттеулердің болмауы себепті Түркияның төл Ислам энциклопедиясын шығаруға шешім қабылдаған. Сол үшін 1983 жылы Ыстанбұлда Ислам энциклопедиясының Бас дирекциясы құрылды, бес жылдық дайындық жұмыстарынан кейін 1988 жылдан бастап алғашқы томы шыға бастаған энциклопедияның әрі жылы екі томы жарық көруде, қазір 47 томға жетебабыл. Міне, осындай әдебиеттердің көптеп шығарылуы діни экстремизмнің алдын алуда және төл мәдениетімізге тән Ислам ілімін қазіргі стандарттарға сай ғылыми өлшемде жұртшылыққа таныстыру – қоғамды кез келген обскурантизмнен қорғайды. Әсіресе, діни ілімді дұрыс жеткізбеу мәселелері радикализм мен фанатизмге жол беретін діни сананы ғылыми негізде қалыптастыру ісінде терең нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

10. Ислам зерттеу орталығы (İslâm Araştırmaları Merkezi (İSAM)). 1980 жылы құрылған бұл орталық кітапханадан бастап, 1992 жылдан бері Ислам энциклопедиясын шығару, конференция, семинарлар өткізу, зерттеушілер даярлау, магистратура мен докторантура гранттарын бөлу секілді маңызды шараларды іске асырады. Бұл бағыттағы жұмыстар Қазақстанда дамитын болса «Рухани жаңғыру» бағдарламасы секілді отандық ғылым мен мәдениеттің дамуына

қосылған үлес болар еді. Діни қордың ғылыми жұмыстарды үйлестіруі кезінде әл-Фараби сынды алып философты шығарған Ұлы Даланың ғылым-мәдениетке қосқан үлесін растап, діннің прогрессивті сипатын танытатын болады.

Қорытынды

Түркия Республикасы түрлі кезеңдерде діни азшылықтардың болсын, елдегі мұсылмандардың болсын құқығын таптауда деген айыптаумен Еуропа Одағы және АҚШ тарапынан, әртүрлі адам құқықтарын қорғайтын ұйымдар тарапынан қатты сынға ұшырайтын. Әділет пен даму партиясы билікке келгелі Дін істері басқармасының және Басқарма жұмысын үйлестіруші Дін істері қорының қызметі жоғарыда келтірілген бағыттар бойынша дами бастаған соң, азшылықтардың құқығын шектеуге қажеттілік де қалмады деуге болады. Себебі, ғылыми хәм мәдени тұрғыдан орныққан діни саясат, дәстүрі діни сабақтастықты жалғастыру ісі – азшылықтардың діни мен секталардың қызметінен қауіп көруге негіз қалдырмайды. Дамыған, өз тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарайтын елдер зайырлылықтың осы түрін құп көреді. Соның бірі Түркия Республикасы.

Қазақстан да осы бағытта жұмыстарды жандандырар болса, елдегі діни-конфессиялық саясат кез келген діни топтың құқықтарын таптамай, ал Ханафилік исламның тарихи рөлін айқындай отырып, дамытуды қолға алса, зайырлылық идентификациялық та, преференциялық та қағидатын ұштастырып, өзіндік даму жолымызды айқындаған болар едік.

Әдебиеттер тізімі

1 Бурова Е.Е., Шаукенова З.К., Назарбетова А.К. Светские и религиозные ценности в восприятии казахстанцев // Казахстан-Спектар. – 2019. – № 1 (87). – С. 37-49.

2 Косиченко А.Г. Ценностно-мировоззренческие основания светскости и религиозности // Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий: Коллективная монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2020. – 278 с.

3 Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 953 қаулысы.

4 Мұхан Исахан: зайырлылық пен ислам бір-бірімен толығымен қабысады деу – ағаттық // [Электронный ресурс] URL <https://clck.ru/WF9zo> 08.01.2018 (қаралған күні 21.08.2021).

5 Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы // 2.2.2. 9

6 «УАҚЫП» корпоративтік қайырымдылық қоры құрылды // <https://islam.kz/kk/news/qazaqstan/uaqyp-korporativtik-qaiyrymdylyq-qory-quryldy-9830/#gsc.tab=0> 2018 (қаралған күні 02.08.2021).

Transliteration

1 Burova E.E., Shaukenova Z.K., Nazarbetova A.K. Svetskie i religioznye cennosti v vospriyatii kazahstancsev [Secular and Religious Values in the Perception of Kazakhstanis] // Kazakhstan-Spektar. – 2019. – № 1 (87). – S. 37-49.

2 Kosichenko A.G. Cennostno-mirovozzrencheskie osnovaniya svetskosti i religioznosti [Value and worldview foundations of secularism and religiosity] // Svetskost' i religiya v sovremennom Kazahstane: modernizaciya duhovno-kul'turnyh smyslov i strategij: Kollektivnaya monografiya [Secularism and Religion in Modern Kazakhstan: Modernization of Spiritual and Cultural Meanings and Strategies: Collective Monograph]. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2020. – 278 s.

3 Qazaqstan Respublikasynyñ din salasyndağy memlekettik sаяsatyn iske asyru jönindegi 2021-2023 jylдарға арналған кеşendi jospardy bekitu туралы Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2020 jylğy 31 jeltoqsandağy № 953 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 31, 2020 № 953 on Approval of the Comprehensive Plan for the Implementation of the State Policy of the Republic of Kazakhstan in the Field of Religion for 2021-2023].

4 Mūhan Isahan: zaiyrlylyq pen islam bir-birimen tolyğymen qabysady deu – aғattyq [Mukhan Isakhan: It is Absurd to Say that Secularism and Islam are Completely Compatible] // [Jelektronnyj resurs] URL <https://clck.ru/WF9zo> 08.01.2018 (қаралған күни 21.08.2021).

5 Qazaqstan Respublikasynyñ dın salasyndağy memlekettik sаяsatynyñ 2017 – 2020 jylдарға арналған tūjyrymdamasy [The Concept of the State Policy of the Republic of Kazakhstan in the Field of Religion for 2017-2020] // 2.2.2. 9

6 «UAQYP» korporativtik qaiyrymdylyq qory qūryldy [The Corporate Charity Fund “UAKYP” was established] // [Jelektronnyj resurs] URL <https://islam.kz/kk/news/qazaqstan/uaqyp-korporativtik-qaiyrymdylyq-qory-quryldy-9830/#gsc.tab=0> 2018 (қаралған күни 02.08.2021).

Алтайқызы А., Тасболат А.

Роль государственной политики в формировании религиозных и светских ценностей: опыт Казахстана и Турции

Аннотация. Авторы научно-исследовательской работы всесторонне анализируют роль государственной политики в формировании религиозных и светских ценностей. Ученые приводят различные примеры и доказательства эффективности турецкой модели религиозно-конфессиональной политики для Казахстана. В статье рассматривается проблема религиозных меньшинств в Казахстане и Турции, а также анализируются особенности сотрудничества турецкого государства и власти с общественными организациями и возможности применения турецкого опыта в практике Казахстана.

Ключевые слова: религиозные ценности, светские ценности, Казахстан, Турция, религиозная политика, ислам.

Altaikyzy A., Tasbolat A.

The Role of Public Policy in the Formation of Religious and Secular Values: the Experience of Kazakhstan and Turkey

Abstract. The authors of the research provide a comprehensive analysis of the role of state policy in the formation of religious and secular values. The scientists give various examples and evidence of the effectiveness of the Turkish model of religious and confessional policy for Kazakhstan. The article considers the problem of religious minorities in Kazakhstan and Turkey. Also the features of cooperation of the Turkish state and authorities with public organizations were analyzed and the possibilities of using the Turkish experience in the practice of Kazakhstan were considered.

Key words: religious values, secular values, Kazakhstan, Turkey, religious and confessional policy, Islam.